



**Облигациялық бағдарлама шегіндегі
мемлекеттік емес облигациялар
шығарылымы проспектісі
«Нұрбанк» Акционерлік қоғамы
(«Нұрбанк» АҚ)**

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1. Облигациялардың осы шығарылымы «Нұрбанк» Акционерлік қоғамының (бұдан былай – Банк, Эмитент) төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүргізіледі .

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) Облигациялық бағдарлама проспектісінің мемлекеттік тіркеуден өткен күні	Төртінші облигациялық бағдарламаның проспектісін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітті 2019 жылдың 10 маусымы, тіркеу нөмірі G25
2) аясында шығарылым жасалған облигациялық бағдарламаның көлемі	150 000 000 000 (Жүз елу миллиард) теңге
3) аясында шығарылым жасалған облигациялардың бұған дейінгі барлық шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама аясындағы әрбір шығарылым бойынша жеке-жеке)	Осы облигациялық бағдарлама аясында Банк облигациялар шығарған жоқ.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі	Эмитенттің жай акцияларына айырбасталатын қамтамасыз етілмейтін купондық субординацияланған облигациялар (бұдан әрі - облигациялар)
2) бір облигацияның номиналды құны	1000 (Бір мың) теңге
3) облигациялардың саны	46 829 031 (Қырық алты миллион сегіз жүз жиырма тоғыз мың отыз бір) дана
4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	46 829 031 000 (Қырық алты миллиард сегіз жүз жиырма тоғыз миллион отыз бір мың) теңге
5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	Номиналды құнның валютасы – теңге. Барлық төлемдерді (сыйақы және негізгі қарыз бойынша төлемдерді) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіпте Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) бойынша аудару арқылы жүргізеді.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Облигацияларды орналастырған кезде төлем жасау тәртібі мен шарттары «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелерімен анықталады.

Облигациялардың соның ішінде Облигациялар, оның ішінде негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлемдердің номиналды құнның валютасы – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) болып табылады.

Облигациялар, оның ішінде сыйақы және негізгі қарыз бойынша төлемдерді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіпте, ақшаны теңгемен Облигация ұстаушылар тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигация ұстаушыларының банктік шоттарына аудару арқылы жүргізеді.

Егер Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда төлем Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болған жағдайда ақшаны

теңгемен Облигация ұстаушылар тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша Облигация ұстаушыларының банктік шоттарына аудару арқылы жүргізеді. Облигация ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлем жасалатын күннен 5 (бес) жұмыс күні бұрын Эмитент жазбаша өтінішін алған жағдайда ғана теңгені төлемді жүзеге асыратын кезде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға жол беріледі. Аталған ақша айырбасы төлем жасалатын күніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізіледі. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүзеге асырылады. Айырбас кезінде туындаған Эмитенттің шығындары Облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылатын ақшадан ұсталады.

Облигация бойынша Облигация ұстаушы – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Сыйақы мөлшерлемесі Тіркелген, облигация айналымда болған мерзім ішінде облигацияның номиналды құнының жылдығы 4 % (төрт пайыз)
2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні	Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу - облигация айналымға түскен күннен бастап жылына бір рет жүзеге асырылды, жыл сайын өтеу мерзіміне дейін
3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн	Облигация айналымға түскен күннен бастап
4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдемесінің жүйесін жүргізетін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ орналасқан орынның уақыты (бұдан былай – тіркеу күні) бойынша, төлем жасалатын кезеңнің соңғы күніндегі күй-жай бойынша, облигациялар ұстаушылардың тізімдемесіне енгізілген тұлғаларға облигациялар бойынша сыйақы төленеді. Купондық сыйақыны төлеу теңгедегі ақшаны облигациялар ұстаушылардың тізімдемесінде көрсетілген банктік шоттарына аудару арқылы төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен бастап 15 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Соңғы купондық сыйақы Облигациялар бойынша қарыздың негізгі сомасы (номиналды құн) төленген кезде бірге төленеді. Сыйақы осы Проспектінің 4-тармағына сәйкес төленеді. Облигациялар бойынша купондық сыйақы Облигациялардың номиналдық құны мен купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің және иелік еткен күндердің санының (бір айда 30 күн деп есепке алынғанда) көбейтіндісін 360 күнге бөлу ретінде есептеледі
5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі	сыйақы (купон) есептелетін уақыт кезеңі бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн / бір айда 30 (отыз) күн уақыт есебінен жүргізілетін болады

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

Бұл шығарылымға қолданылмады.

7. Секьюриттеу кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

Бұл шығарылымға қолданылмады

8. Облигацияларды орналастыру талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды орналастыру басталған күн	Облигацияларды орналастыруды бастаған күн – «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес осы қордың сауда жүйесіне облигацияларды орналастыру бойынша орын алған алғашқы сауданы жүргізген күн. Бұл орайда Эмитенттің немесе Эмитент сол арқылы бақылау жасайтын немесе оның қызметіне едәуір ықпал ететін Эмитентпен ерекше қатынаста болған байланысты тұлғаның облигацияларды сатып алуға құқығы жоқ, сондай-ақ Эмитент секілді тікелей немесе жанама түрде облигацияларды сатып алуды қаржыландыруға құқығы жоқ.
2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн	Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізімделері жүйесіндегі немесе номиналды тіркеу жүйесіндегі облигациялар ұстаушылардың дербес шотынан барлық облигацияларды есептен шығару операциясының соңғы күні
3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы)	Облигациялардың айналымын «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесіндегі бағалы қағаздары нарығында жүргізу қарастырылған.

9. Облигациялар айналымының талаптары мен тәртібі:

1) облигациялар айналымы басталған күн	Облигациялар айналымының басталған күні – «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде, оның ішкі құжаттарына сәйкес облигацияларды орналастыру жөніндегі саудасаттықтың алғашқы күні.
2) облигациялар айналымы аяқталған күн	Облигациялар айналымы аяқталатын күн – Облигациялар айналымының соңғы күні
3) айналым мерзімі	Облигациялар айналымының мерзімі – облигациялар айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл.
4) облигациялар айналысы жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы).	Облигациялар айналымын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында жүргізу жоспарланып отыр.

10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні	Облигацияларды өтеу күні – Облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күнінің ертеңіндегі күн.
------------------------------------	--

<p>2) облигацияларды өтеу тәсілі</p>	<p>Облигациялар, олардың айналу мерзімі аяқталғаннан кейін, Облигациялар айналымының соңғы күнінен келесі күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, соңғы кезеңнің сыйақысымен бірге, номиналдық құны бойынша теңгемен өтеледі.</p> <p>Төлем жүзеге асырылатын соңғы кезеңнің негізгі қарызы мен сыйақыны (купонды) алуға Облигациялар бойынша сыйақы (бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімі жүйесінің жүргізілуін жүзеге асырушы «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» орналасқан жердегі уақытпен, төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы күй-жай бойынша) Облигация ұстаушылары тізіліміне енгізілген тұлғалар ғана құқылы.</p> <p>Барлық төлемдер осы Проспектінің 4-тармағына сәйкес жүргізіледі.</p> <p>Облигацияларды өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіпте өз бетінше жүргізеді.</p>
<p>3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса</p>	<p>Бұл шарт облигациялардың осы шығарылымына қолданылмайды.</p>

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда көрсетіледі:

<p>1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары</p> <p>2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері</p>	<p>Эмитенттің бастамасымен Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуы (кері қайтарып алуы/орындауы) тек қана облигациялар айналымға енген (немесе орналастырылған) күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін және келесі шарттардың барлығы бір мезгілде орындалған кезде мүмкін:</p> <p>а) бұл әрекет капиталдың жеткіліктігі коэффициентінің ең төмен мәнінің № 170 Қаулыда белгіленген мәннен төмен болуына әкеп соқтырмаса;</p> <p>б) облигацияларды Эмитенттің мерзімінен бұрын сатып алуға (кері қайтарып алуға/орындауға) уәкілетті мемлекеттік органның оң қорытындысы болса;</p> <p>в) капиталды ауыстыру үшін сондай немесе содан да жақсы сападағы капитал ұсынса;</p> <p>г) Эмитенттің капиталын мерзімдік емес қаржы құралдарын кері қайтарып алудың салдарынан капиталдың талап етілген ең төмен деңгейінен асырып жақсартса.</p> <p>Эмитенттен өзінің Директорлар кеңесінің шешімімен облигацияларды сатып алуға (кері қайтарып алуға/орындауға) құқығы бар. Облигацияларды сатып алу (кері қайтарып алу/орындау) бағасы келесідей белгіленеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұйымдастырылған нарықта мәміле жасаған күнгі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қалыптасқан нарықтық құнға қарай мәміле жасаған кезде; - ұйымдастырылмаған нарықта мәміле тараптарының келісімі
---	--

	<p>бойынша мәміле жасаған кезде.</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдер ішінде, ал ондай мерзім болмаған жағдайда – Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Эмитент ол факті туралы облигация ұстаушыларға ақпараттық хабарламаны Эмитенттің ресми сайтында (www.nurbank.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет ресурстарында облигация ұстаушылардың болжалды әрекеттерінің тізімін, оның ішінде Эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін көрсетіп жариялау арқылы хабарлайды.</p> <p>Барлық төлемдер осы Проспектінің 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.</p>
--	---

12. Егер эмитент облигацияларды шығару кезінде Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) қабылдаған жағдайда:

<p>1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы</p>	<p>Эмитент өзінің қызметінде келесідей шектеулер (ковенанттар) қолданады, олар осы тармақтың соңғы абзацында көрсетілген мерзімі ішінде қолданыста болады, олардың кез келгенін бұзу – осы Проспектіде қарастырылған айырбастау тәртібі мен шарттарына сәйкес облигация ұстаушылардың облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау құқығын іске асыруға әкеп соқтырады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Эмитент уәкілетті орган белгілеген өз капиталының жеткілікті коэффициентін орындауға міндеттенеді, 2. Эмитенттің басшылық ететін жұмыскерлерінің және оның акционерінің (-лерінің) тарабынан Эмитенттің активтерін шығаруға қатысты әрекет ету фактілерінің болмауы. <p>Эмитенттің активтерін шығару деп – солардың нәтижесінде Эмитентке едәуір зиян келген немесе келуі мүмкін, соның салдарынан Эмитенттің қаржы жағдайы және/немесе төлеу қабілеті нашарлайтын келесідей жағдайлар түсініледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Эмитенттің мүлкін үшінші тұлғаларға Эмитенттің барлық ресурстарын есепке ала отырып, сол иүлікті ұстауға және сатуға байланысты тәуелсіз бағалаушының бағалауымен белгіленген сол мүліктің нарықтық құнынан төмен бағамен сату/адалау; - үшінші тұлғалардан мүлікті және (немесе) қызметті төмен сапада немесе тәуелсіз бағалаушының бағалауымен белгілеген нарықтық құннан жоғары бағада немесе ұқсас жағдайларда үшінші тұлғалардың мүлкі (жне) немесе қызметі сатып алынбаған жағдайларда сатып алу; - ұйымдастырылмаған нарықта айналымда болған бағалы қағаздарды Эмитенттің номиналды ұстаушыларда-Қазақстан Республикасының резиденттерінде және бейрезиденттерінде ашылған дербес шоттарынан, сондай-ақ реестрлер жүйесінде нарықтық құнынан төмен бағада сату/адалау; - әдеттегіден тыс, үлгіден тыс немесе ауыртпаық келтіретін келісімшарттар жасау, оның ішінде әдейі қайтарылмайтын қарыздар беру немесе әдеттегі қызмет шеңберінен тыс жеңілдік шарттармен қарыздар беру; - Басшылыққа сәйкес жеке негізде, Басшылық белгілеген
--	--

	<p>кепілзаттың сенімсіз түрлеріне жататын қамтамамен бағаланатын қарызды өтеу деңгейін 70% (жепіс пайызға) және одан асырып төмендету;</p> <p>- Эмитенттің мүлкін қарыздық міндеттеме бойынша шегіну ретінде өткізу, егер Эмитент өзімен ерекше қатынаста байланысты болған тұлғамен келісімшарт жасаса және келісімшарттың шарттарын орындамаса, ал келісімшартта шегінетін зат ретінде Эмитентпен ерекше қатынаста байланысты болған тұлғаға беретін мүлік қолданылса;</p> <p>- әдеттегі шаруашылық қызмет айналым (облигацияларды орналастырған) күні жүзеге асырылған тәртіпте қызметтің үздіксіз жүзеге асырылу қағидатына қарай Эмитентке және Эмитенттің еншілес ұйымдарына шаруашылық қызмет атқаруға кедергі жасайтын әрекеттер жасау.</p> <p>Бұл шектеулер (ковенанттар) Эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарына және Эмитенттің активтердің сапасын арттыру, оның ішінде проблемалы активтерді қайтару аясындағы жосықтарға сәйкес өткізілетін ісшараларға таралмайды.</p> <p>Шектеулер (ковенанттар) Эмитентке Эмитентте оң айырмашылық пен капиталдың әлеуетті түзетулері бар мерзім ішінде таралады және оң айырмашылық пен капиталдың әлеуетті түзетулерін - оң айырмашылық және (немесе) капиталдың әлеуетті түзетулер есептелетін әр актив бойынша 0 (нөл) теңгеге дейін жеткізу міндеттемелерін Эмитенттің орындау фактін Агенттік таныған күннен бастап күшін жояды.</p>
<p>2) эмитенттің ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі</p> <p>3) облигацияларды ұстаушылардың ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі әрекеттерінің тәртібі</p>	<p>Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде Эмитент пен облигация ұстаушылардың әрекет ету тәртібі осы Прспектiнiң 13-тармағының 2) тармақшасында белгіленген.</p>

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

<p>1) сол акцияларға облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі</p>	<p>Облигациялар Эмитенттің жай акцияларына айырбасталады.</p> <p>Субординацияланған облигациялар (бұдан әрі – облигациялар) сол облигацияларға айырбасталатын Эмитенттің жай акцияларының жалпы саны айырбасталатын облигациялар санын және айырбастау коэффициентін есептеп шығару ретінде есептеледі.</p> <p>Сол облигацияларға айырбасталатын, айырбастау коэффициентін пайдаланып алынған Эмитенттің жай акцияларының жалпы саны келесі талаптарды есепке ала отырып дөңгелектенуі тиіс:</p> <p>бүтін санның оннан бір бөлігі есепке алынады (үтірден кейінгі бір белгі);</p> <p>5-тен (бестен) 9-ға (тоғызға) дейінгі сандар 0-ге (нөлге) дейін дөңгелектенеді және 1-ге (бірге) арттырылады;</p>
--	--

0-ден (нөлден) 4-ке (төртке) дейінгі сандар 0-ге (нөлге) дейін дөңгелектенеді және сан өзгермейді.

Айырбастау коэффициенті келесідей формуламен есептеледі:

$$\text{Айырбастау коэффициенті} = \frac{\text{Бір облигацияның құны}}{\text{Эмитенттің бір акциясының қалдық құны}}, \text{ мұнда:}$$

Бір облигацияның құны бір облигацияның номиналды құнының және сол бойынша сыйақыны айырбастаған күнге есептелген (төленбеген) сомасы ретінде есептеледі.

Эмитенттің бір акциясының қалдық құны келесідей формуламен есептеледі:

$$\frac{\text{Эмитенттің бір акциясының қалдық құны} = \text{БӨК} - \text{К} - \text{А} - \text{О}}{\text{Эмитенттің орналастырылған акцияларының саны}}, \text{ мұнда:}$$

БӨК – айырбастаған күнге Эмитенттің баланстық өз капиталы;

К – егер бұрын танылған және амортизация етілмеген табыс бар болса, онда Эмитенттің баланстық өз капиталын облигациялар бойынша сондай бұрын танылған және амортизация етілмеген табыс сомасына азайту бойынша Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі ХҚЕС) сәйкес облигацияларды айырбастауды жүзеге асырудың салдарынан жүргізілетін бахгалтерлік жазбалар (түзетулер) ;

А – соңғы есептік күнге Басшылыққа сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен ХҚЕС-ке және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айырбастаған күнге Эмитенттің бухгалтерлік есебінде құрастырылған және көрсетілген провизиялар (резервтер) арасындағы оң айырмашылық, О-ны – капиталдың әлеуетті түзетулерінің қалдығын (бұдан әрі оң айырмашылық) алып тастағанда.

О – банктердің активтерінің сапасын бағалаудың (AQR) нәтижесі бойынша капиталдың әлеуетті түзетулерінің қалдығы, ол ХҚЕС талаптарына сәйкес активтер бойынша резерв (провизия) жасақтауға пайдаланылуы мүмкін (бұдан әрі – капиталдың әлеуетті түзетулері)

Айырбастаған күн болып – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) облигацияларды айырбастау туралы шешім қабылдаған күннің алдындағы жұмыс күні танылады.

БӨК – К – А – О ≤ облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің 1% болған жағдайда, айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$\begin{aligned} & \text{Айырбастау коэффициенті} = \\ & = \frac{\text{Эмитенттің орналастырылған акцияларының саны} * 99}{\text{Айырбасталатын облигациялар саны}} \end{aligned}$$

Сол акцияларға облигациялар айырбасталатын Эмитенттің жай акцияларын ұстаушылардың жай акцияларды ұстаушы басқа акционерлер секілді құқықтары бар.

<p>2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен шарттары (егер облигациялар шығарылымы толығымен айырбасталса, облигациялар шығарылымы айырбастау аяқталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жойылуы тиіс деп көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық айырбасталмаса, онда осы шығарылымның сатып алынған облигациялары кейіннен орналастырылмайды, айналым мерзімінің аяғында өтеледі)</p>	<p>Эмитент Проспектінің шарттарына сәйкес қабылдаған бір және (немесе) бірнеше шектеуді (ковенантты) бұзған жағдайда ғана облигация ұстаушылар облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастауға құқығы бар</p> <p>Эмитент осы Проспектінің шарттарына сәйкес қабылдаған шектеулердің (ковенанттардың) бұзылу факті Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасының шешімімен белгіленеді. Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау туралы шешім, Эмитенттің Облигациялар айырбасталатын жай акцияларының саны және айырбасталатын Облигациялардың саны Ұлттық Банктің Басқармасының шешімімен белгіленеді.</p> <p>Агенттіктің Басқармасы шешімді Агенттік Эмитентке шектеулердің ковенанттардың бұзылу факті анықталғаны туралы алғы хабарламаны жібергеннен және сол хабарламаны Эмитент алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынылған Эмитенттің негізді қарсылықтары көрсетілген жазбаша жауабын (растайтын құжаттардың көшірмелері қоса ұсынылған) қарастырғаннан кейін қабылдайды. Агенттіктің хабарламаында Эмитенттің Облигациялар айырбасталатын жай акцияларының санының алғы есептемесі және айырбасталатын облигациялардың саны көрсетіледі. Эмитенттің аталған хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Агенттікке жазбаша жауап бермеуі – негізді қарсылығының жоқ екенін білдіреді.</p> <p>Облигацияларды жай акцияларға айырбастау төмендегі тәртіпте жүргізіледі:</p> <p>(а) Эмитент осы Проспектінің шарттарына сәйкес қабылдаған шектеулерді (ковенантты) бұзған жағдайда Агенттік Басқармасы Эмитент осы Проспектінің шарттарына сәйкес қабылдаған шектеулерді (ковенантты) бұзған факті туралы шешім қабылдайды, Ұлттық Банктің Басқармасы Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдайды және Эмитенттің Облигациялар айырбасталатын жай акцияларының саны мен айырбасталатын облигациялардың санын бекітеді;</p> <p>(б) Ұлттық Банк шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды айырбастау құқығын іске асыру үшін облигация ұстаушылар мен Эмитентке Ұлттық Банк Басқармасының шешімінің көшірмесін қоса жазбаша хабарлама жібереді;</p> <p>(в) Облигация ұстаушылар Ұлттық Банктің жазбаша хабарламасын алғаннан кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Эмитенттің облигацияларын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу бойынша «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ның операциялар жүргізуі үшін шаралар қолданады.</p> <p>Эмитент облигацияларды айырбастау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес барлық қажет әрекеттерді жасауға міндетті.</p> <p>Облигацияларды айырбастау құқығы Эмитент осы Проспектінің шарттарына сәйкес қабылдаған шектеулер (ковенанттар) әрекет еткен кезең ішінде қолданыста болады.</p> <p>Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау – сондай айырбастау үшін қандай да бір сыйақы төлеусіз жүзеге асырылады. Эмитент пен оның акционерлерінің облигация ұстаушылардан</p>
---	---

	<p>айырбастаған күні Эмитенттің бір акциясының қалдық құны мен Эмитенттің жай акциясының нарықтық құнының арасындағы айырмашылық нәтижесінде қандай да бір төлемдер алуға құқығы жоқ. Облигация шығарылымын толық айырбастаған жағдайда облигация шығарылымы – айырбастау аяқталған күннен бастап бір ай ішінде жойылуы тиіс.</p> <p>Егер облигация шығарылымы толық айырбасталмаған жағдайда – сатып алынған облигациялар Эмитентке кейіннен адаланбайды және айналым мерзімі аяғында өтеледі.</p>
--	---

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық не ішінара қамтамасыз ететін эмитенттің мүлігі туралы мәліметтер:

Жоқ

15. Кепілдік берген банктің деректері, атауы, орналасқан жері, кепілдік туралы шарттың деректемелері, кепілдіктің мерзімі мен талаптары (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе):

Бұл шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілмеген, банктің немесе байланысты тұлғаның кепілдігімен өтелмеген және қандай да бір азаматтық-құқықтық келісімшарттардан туындайтын міндеттемелер мен Эмитенттің басқа кредиторларының алдында басымдылыққа ие өзге де шарттар қарастырылмаған.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері:

Жоқ

17. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны нысаналы пайдалану мақсаты:

1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаты	<p>Эмитент субординацияланған облигацияларды сатудан түскен ақша қаражаттарын келесі мақсаттарда пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу (Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын санамағанда); - экономиканың нақты секторларын кредиттеу және Қазақстан Республикасының экономикасының өсуін мемлекеттік ынталандыру бағдарламаларын іске асыру үшін.
--	---

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Қарастырылмаған

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) облигациялар шығарылым проспектіде қарастырылған мерзімде эмитенттің	<p>Эмитенттің облигация ұстаушылары құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алуға; - осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде сыйақы алуға;
--	---

<p>облигациялардың номиналды құнын алу немесе басқа да мүліктің баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша облигацияның номиналды құнының тіркелген пайызын немесе облигациялар шығарылым проспектіде белгіленген басқа да мүліктік құқығын алу құқығы</p>	<ul style="list-style-type: none"> - облигацияларды еркін сатуға және басқа да тәсілмен адалауға; - осы Проспектіде қарастырылған тәртіпке және шарттарға сәйкес облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау құқығы; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және соның листингіне облигациялар енгізілген «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның алаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржы жағдайы туралы ақпарат алуға; - осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда, тәртіпте және мерзімдерде сыйақы мен негізгі қарызды төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған әр күн үшін өсімақы түрінде тұрақсыздық төлем талап ету құқығы; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыруға; - Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар. <p>Эмитенттің қызметі мен қаржы жағдайы туралы ақпарат, оның ішінде Эмитенттің қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептер «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (www.kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған мерзімге және тәртіпке сәйкес жарияланатын болады.</p> <p>Эмитент өз міндеттемелері мен шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде осы шығарылымның облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған. Облигация ұстаушылардың төлемдер (купон) деңгейін арттыруды талап ету құқығы қарастырылмаған.</p> <p>Эмитенттің банкрот немесе таратылу жағдайларын санағаманда, облигация ұстаушылардың сыйақы мен номиналды мерзімінен бұрын төлеу құқығы қарастырылмаған. Банк таратылған жағдайда өтелімдер Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында банктер мен банк қызметі туралы» Заңының 16-1 бабының 4) тармағында және 74-2 бабында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» Қаулысымен (бұдан әрі - № 170 Қаулы) белгіленген субординацияланған қарызды өтеу кезектілігі тәртібінде жүзеге асырылады</p>
<p>2) эмитенттің облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы, сол құқықты іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері</p>	<p>Облигация ұстаушы облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (кері қайтарып алу/орындау) туралы талап білдіруге құқылы емес.</p> <p>Эмитент облигация ұстаушыға Эмитент шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Эмитентке облигацияларды кері сатып алуға түрткі болатын құқық беретін осы облигация</p>

көрсетіледі, оның ішінде облигациялар шығарылымы проспектіде қарастырылған ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде	шығарылымына шектеулер (ковенанттар) қабылдамайды.
3) өзге құқықтар	Жоқ

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялар бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) сол оқиғалар басталған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізімі	<p>Облигациялар бойынша дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары бойынша міндеттемелерін орындамау. купондық сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын оларды және соңғы купондық сыйақыны өтеу кезінде осы Проспектімен белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі қарызды өтеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі күннен бастап төлемеу немесе ішінара төлемеу – Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жағдайлары болып болып табылады. Егер сол мерзім аяқталғаннан кейін Эмитент өз міндеттемелерін орындамаса, облигация ұстаушылардың барлық құқықтары және олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитенттің Облигациялар шығарылымының проспектіде белгіленген тәртіпте және мерзімде сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі дефолт болып саналмайды, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу облигация ұстаушылардың банктік шоттарының жалған немесе толық емес деректемелерін Эмитенттің алуының нәтижесі болып табылса, немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитрийі» АҚ Эмитентке облигация ұстаушылардың реестрін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сонымен жасалған келісімшартпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде бермесе, сондай-ақ Эмитент үшін еңсерілмейтін күштер жағдайының басталуы салдарынан болса.</p> <p>Егер Эмитенттің осы Проспекті бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамауы еңсерілмейтін күштер салдарынан болса, онда Эмитент міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштер жағдайы деп – олардың басталуын алдын ала болжауға немесе алдын алуға болмайтын жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салатын немесе шектеу қоятын сипаттағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күштер жағдайы басталған жағдайда Эмитенттің Проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі аталған жағдайлар мен соның салдары әрекет еткен уақыт кезеңіне тең мөлшерге ұзартылады.</p>
2) облигациялар бойынша дефолт	- Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша дефолт болдырмау мақсатында барлық қажет іс-шараларды жүзеге асырады және

<p>басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар, оның ішінде облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе лайықты орындамаған кезде облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау жосықтары, сонымен қатар міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары</p>	<p>барлық қажет шараларды қолданады, алайда осы шағарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған кезде Эмитент дефолт туғызған себептерді жою үшін барлық қолдан келген шараларды қолданады, оның ішінде өзінің қаржы жағдайын жақсарту шараларын қолданады;</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда облигация ұстаушылардың талаптары осы Проспектімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттармен қанағаттандырылады; - облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттармен жүзеге асырылады. <p>– Эмитенттің кінәсінен сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеу бойынша облигация ұстаушылардың алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе уақытында орындамаған жағдайда Эмитент облигация ұстаушыларға әр кешіктірілген күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай ақшалай міндеттемесін немесе оның бөлігін орындаған күнге (атап айтқанда төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге) есептелетін өсімақы есептейді және төлейді.</p>
<p>3) дефолт фактілері туралы, орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы, міндеттемелерді орындамау себептері туралы, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша болжалды әрекеттері туралы, облигациялар бойынша міндеттемелерін эмитент орындамаған немесе лайықты орындамаған жағдайда облигация ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілігі артылатын тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібі туралы мәліметтер қамтылған</p>	<p>Эмитенттің кінәсінен купондық сыйақыны және/немесе негізгі қарызды осы Проспектіде белгіленген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Эмитент келесі ақпарат қамтылған хабарламаны «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (kase.kz), Қаржы есептілігі депозитарийінің (dfo.kz) ресми сайттарына жариялау арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – дефолт факті туралы; – облигациялардың көрсеткіштері; – сыйақы және/немесе облигацияның номиналды құны төленуі тиіс болған күн; – дефолт күніне Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі туралы; – міндеттемелерін орындамау себептері туралы; – өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушылардың ықтимал әрекеттері туралы, оның ішінде олардың Эмитентке талап қойған тәртіп пен мерзімдерді көрсетіп; – Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да ақпаратты. <p>Аталған ақпаратты Эмитент өзі дербес жария етеді.</p> <p>Осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда облигация ұстаушылардың талаптары осы проспектімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттармен қанағаттандырылады.</p>

<p>ақпаратты облигация ұстаушылардың назарына жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері</p>	
<p>4) облигациялар бойынша міндеттемелерін эмитент орындамаған немесе лайықты орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілік артылатын тұлғалармен жасалған келісімшарттың жасалған күні және нөмірі, сол тұлғалардың толық атаулары, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеуге қойған күн (сондай тұлғалар болған жағдайда)</p>	<p>Жоқ</p>

21. Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақы төленген әрбір кезеңге қатысты сыйақы төлеуге және негізгі қарыз сомасын өтеуге қажетті эмитенттің ақша қаражаттарының көзі мен ағымдарының болжамы:

Эмитенттің ақшалай қаржысының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектінің №1 Қосымшасында берілген

22. Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларының өкілі туралы мәлімет (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық және ипотекалық облигацияларды шығарған жағдайда):

Облигацияларды ұстаушыларының өкілі қарастырылмаған

23. Эмитенттің төлем агенті (бар болса) туралы мәліметтер:

Төлем агенті қарастырылмаған

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне қосу және оның тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөнінде шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

Консультанттар қарастырылмаған

Басқарма төрағасы

Сарсенов Э.Р.

Эмитенттің 2020-2035 жылдарға ақша қаражаттарының ағымының болжамы (мың тенге)

Р.№	Атауы	на 01.01.2020	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл	
			I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл
1	БҚ портфелі (өтеу/сату)		29 763 100	16 998 644	4 700 000	4 372 093	0	499 900	0	189 510
2	Эмитент шығарған БҚ		46 758 822	0	0	14 000 000	10 000 000	0	20 000 000	0
3	Клиенттердің тартылған қаражаттары		16 073 161	16 073 161	24 023 832	24 023 832	32 966 895	32 966 895	42 831 780	42 831 780
4	Несиелік портфель (өтеу)		42 000 000	42 000 000	46 200 000	46 200 000	50 820 000	50 820 000	55 902 000	55 902 000
5	Кредиттік мекемелердің тартылған қаражаттары		0	1 700 000	0	2 700 000	2 000 000	0	2 000 000	500 000
I	Жалпы ақша ағымы:		134 595 083	76 771 805	74 923 832	91 295 925	95 786 895	84 286 795	120 733 780	99 423 290
1	БҚ портфелі (сатып алу)		-40 000 000	-21 500 000	-5 100 000	-4 000 000	0	-6 499 900	-2 000 000	-189 510
2	Эмитент шығарған БҚ (оның ішінде %%)		-1 192 500	-1 192 500	-3 136 500	-1 192 500	-3 906 500	-2 462 500	-19 406 500	-2 937 500
3	Клиенттердің қаражаттары		-12 371 872	-12 371 872	-16 073 161	-16 073 161	-24 023 832	-24 023 832	-32 966 895	-32 966 895
4	Несиелік портфель (берілген)		-46 160 000	-46 160 000	-56 100 440	-56 100 440	-62 692 879	-62 692 879	-69 604 206	-69 604 206
5	Кредиттік мекемелердің өтелген қаражаттары		-1 889 306	-3 145 300	-1 267 277	-2 412 855	-1 975 681	-719 259	-3 570 335	-860 811
II	Жалпы ақшаның кетуі:		-101 613 677	-84 369 672	-81 677 377	-79 778 955	-92 598 892	-96 398 370	-127 547 936	-106 558 922
III	ӨТІМДІЛІК		32 981 405	-7 597 867	-6 753 546	11 516 969	3 188 003	-12 111 575	-6 814 156	-7 135 631
IV	Өсу қорытындысымен өтімділік	64 645 772	97 627 177	90 029 310	83 275 764	94 792 733	97 980 736	85 869 161	79 055 005	71 919 374

2024 жыл		2025 жыл		2026 жыл		2027 жыл		2028 жыл		2029 жыл	
I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл
1 060 228	8 166 359	5 354 151	9 096 480	1 503 392	1 917 225	1 135 615	1 895 100	1 265 314	0	2 250 000	0
0	0	0	0	0	0	0	10 000 000	0	0	0	0
52 578 955	52 578 955	63 181 111	63 181 111	74 419 397	74 419 397	86 331 980	86 331 980	98 959 317	98 959 317	112 344 295	112 344 295
61 492 200	61 492 200	67 641 420	67 641 420	74 405 562	74 405 562	81 846 118	81 846 118	90 030 730	90 030 730	99 033 803	99 033 803
6 000 000	0	1 000 000	1 000 000	1 000 000	1 000 000	500 000	500 000	500 000	500 000	500 000	500 000
121 131 383	122 237 514	137 176 682	140 919 011	151 328 351	151 742 184	169 813 713	180 573 198	190 755 361	189 490 047	214 128 098	211 878 098
0	-5 000 000	0	0	0	0	0	0	-265 314	0	0	0
-4 881 500	-2 937 500	-4 881 500	-2 937 500	-14 881 500	-2 390 000	-4 334 000	-2 390 000	-10 834 000	-16 770 000	-3 944 000	-2 000 000
-42 831 780	-42 831 780	-52 578 955	-52 578 955	-63 181 111	-63 181 111	-74 419 397	-74 419 397	-86 331 980	-86 331 980	-98 959 317	-98 959 317
-77 275 468	-77 275 468	-81 200 810	-81 200 810	-81 947 628	-81 947 628	-89 690 882	-89 690 882	-98 185 886	-98 185 886	-107 506 686	-107 506 686
-4 756 462	-1 166 030	-1 614 295	-1 310 003	-1 277 545	-1 245 087	-974 628	-951 670	-928 712	-905 753	-882 795	-859 837
-129 745 211	-129 210 779	-140 275 561	-138 027 269	-161 287 784	-148 763 826	-169 418 907	-167 451 949	-196 545 891	-202 193 619	-211 292 798	-209 325 840

-8 613 828	-6 973 265	-3 098 878	2 891 742	-9 959 433	2 978 358	394 806	13 121 249	-5 790 530	-12 703 571	2 835 300	2 552 259
-------------------	-------------------	-------------------	------------------	-------------------	------------------	----------------	-------------------	-------------------	--------------------	------------------	------------------

63 305 546	56 332 282	53 233 404	56 125 146	46 165 713	49 144 071	49 538 877	62 660 126	56 869 597	44 166 025	47 001 326	49 553 584
-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------

2030 жыл		2031 жыл		2032 жыл		2033 жыл		2034 жыл		2035 жыл	
I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл	I жарты жыл	II жарты жыл
0	0	0	0	0	0	0	0	0	3 761 820	0	0
0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
126 532 372	126 532 372	144 078 293	144 078 293	165 534 449	165 534 449	188 707 096	188 707 096	213 733 556	213 733 556	240 762 132	240 762 132
108 937 183	108 937 183	119 830 902	119 830 902	131 813 992	131 813 992	144 995 391	144 995 391	159 494 930	159 494 930	175 444 423	175 444 423
500 000	500 000	500 000	500 000	500 000	500 000	500 000	500 000	500 000	1 000 000	2 000 000	2 000 000
235 969 555	235 969 555	264 409 195	264 409 195	297 848 440	297 848 440	334 202 487	334 202 487	373 728 486	377 990 306	418 206 555	418 206 555
0	0	-1 146 972	0	-1 158 441	0	0	0	0	0	0	0
-3 944 000	-2 000 000	-3 944 000	-2 000 000	-13 944 000	-1 500 000	-23 444 000	-500 000	-2 444 000	-500 000	-51 044 000	-500 000
-112 344 295	-112 344 295	-126 532 372	-126 532 372	-144 078 293	-144 078 293	-165 534 449	-165 534 449	-188 707 096	-188 707 096	-213 733 556	-213 733 556
-117 734 676	-117 734 676	-128 959 332	-128 959 332	-141 279 013	-141 279 013	-154 801 849	-154 801 849	-169 646 716	-169 646 716	-185 944 303	-185 944 303
-836 878	-813 920	-790 962	-768 003	-595 045	-579 212	-563 378	-547 545	-2 531 712	-7 964 127	-8 537 454	0
-234 859 850	-232 892 891	-261 373 637	-258 259 707	-301 054 792	-287 436 518	-344 343 676	-321 383 843	-363 329 524	-366 817 939	-459 259 312	-400 177 859
1 109 705	3 076 664	3 035 558	6 149 488	-3 206 352	10 411 923	-10 141 189	12 818 645	10 398 962	11 172 367	-41 052 757	18 028 696
50 663 290	53 739 953	56 775 511	62 924 999	59 718 647	70 130 569	59 989 381	72 808 025	83 206 988	94 379 354	53 326 597	71 355 294



Проспект выпуска негосударственных облигаций в пределах облигационной программы

**Акционерное общество «Нурбанк»
(АО «Нурбанк»)**

Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций (облигационной программы, выпуска негосударственных облигаций в пределах облигационной программы) уполномоченным органом не означает предоставление каких-либо рекомендаций инвесторам относительно приобретения негосударственных облигаций, описанных в проспекте, и не подтверждает достоверность информации, содержащейся в данном документе.

Должностные лица эмитента подтверждают, что вся информация, представленная в нем, является достоверной и не вводящей в заблуждение инвесторов относительно эмитента и его размещаемых негосударственных облигаций.

В период обращения негосударственных облигаций эмитент обеспечивает раскрытие информации на рынке ценных бумаг на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан о рынке ценных бумаг.

Алматы, 2019 год

1. Настоящий выпуск облигаций осуществляется в соответствии с проспектом четвертой облигационной программы Акционерного общества «Нурбанк» (далее – Эмитент).

2. Сведения об облигационной программе:

1) дата государственной регистрации Проспекта облигационной программы	Проспект выпуска четвертой облигационной программы зарегистрирован Национальным Банком Республики Казахстан 10 июня 2019 года под номером G25
2) объем облигационной программы, в пределах которой осуществляется выпуск	150 000 000 000 (Сто пятьдесят миллиардов) тенге
3) сведения обо всех предыдущих выпусках облигаций в пределах облигационной программы (отдельно по каждому выпуску в пределах данной облигационной программы)	В пределах данной облигационной программы Эмитент ранее не осуществлял выпусков облигаций

3. Сведения о выпуске облигаций:

1) вид облигаций	купонные субординированные облигации без обеспечения, конвертируемые в простые акции Эмитента (далее - облигации)
